



Автор: НҰРСҰЛТАНОВА ФАРИЗА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Балалар мен үлкендер

Тақырып: М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі. «Үйірін тапқан Көксерек»

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	T/Ж2 .Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none">• Шығарма кейіпкерлерін сипаттау;• Шығарманың кейіпкерлерінің іс-әрекетін талдап, салыстыру;• Сыни ойларын жеке, жұп, топ ішінде көрсету.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады:шығарманың тақырыбы мен идеясын аша отырып, талдау жұмыстарын жүргізеді; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Дала тағысы, жыртқыш, қатігез, табиғат перзенті, идея, арлан.
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	Әдеби шығармадағы тұлғалар болмысымен танысып, кейіпкерлерді сипаттайды. Кейіпкерлерді бір-бірінен ажыратады, салыстырады Әдеби шығармадағы тұлғалар болмысына талдау жасай отырып, адамгершілік тұрғысынан ұтымды ой айтады.
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы Құрмет, ашықтық, ынтымақтастық, Қазақстандық патриотизм, және азаматтық жауапкершілік.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	Тарих, жаратылыстану, биология
Бастапқы білім:	М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқыды, оқиға желісі мен мазмұнын біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Стоп кадр» әдісі бойынша тақтада берілген бөрінің суреті арқылы оқушылар тақырыпты болжайды. Көксеректің негізгі кейіпкер екенін айтады. «Шынжыр» әдісі бойынша оқушылар әңгімедегі оқиға желісін үзбей, жалғастырып ұжым болып мазмұнын айтып шығады. Мазмұнын айтқан оқушылар бағалау картасында белгіленіп отырады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма (15 мин) ТЖ Топтар әдеби шығарманың құрамдас бөліктерін табу арқылы графикалық организерлер әзірлейді, талдайды, қорғайды. "Оқиғалар тауы" әдісі бойынша әдеби шығарманың композициялық құрылымына талдау жасайды, сәйкестендіреді.</p> <p>Шығарманың басталуы: Қасқырлар мекені. Шығарманың байланысы: Көксеректің ауылға келуі Шығарманың дамуы: Көксеректің ауылдан кетуі Шығарманың шиеленісуі: Көксеректің жаралануы Шығарманың шарықтау шегі: Көксерек пен Құрмаштың соңғы кездесуі Шығарманың шешімі: Көксеректің жазасын тартуы.</p> <p>Дескриптор: -Шығармадағы эпизодтарды копозициялық құрылымына жіктейді; -Шығарманың сюжеттік дамуын өз сөзімен әңгімелейді; Қ.Б «Жұдырық-алақан» әдісі арқылы бағаланады. - Елеусіз ғана табысқажеттім деп есептесе, ашық алақан, -Жартылай әлі де толықтай жұмысестеу керек десе, үш саусағын көтереді, - Мақсатқа толықтай жеттім десе,жұдырығын көрсетеді. 2-тапсырма Топтық жұмыс: Топта өзара талқылап қорғайды: арқылы "Көксерек" пен "Аққасқаны" сипаттайды. 1-топ: Көксерек бейнесін талдайды 2-топ: Аққасқаны бейнесін талдайды 3-топ: Көксерек пен Аққасқаны салыстырады Бағалау критерийлері: • Шығарма эпизодтарын қолдана отырып талдайды. • Берілген эпизодтағы әрекетін сипаттайды. • Кейіпкерлерді талдайды. Топтар бір-бірін "Бас бармақ" әдісі арқылы бағалайды. Прорблемалық сұрақ: Құрмаштың өліміне кім кінәлі? Топтан бір оқушы шығып топ жауабын айтады және өз пікірін дәлелдейді. 1-топ: Көксерек кінәлі 2-топ: Аңшы кінәлі 3-топ: Құрмаштың өзі кінәлі Бағалау критерийлері: • Өз ойын жеткізеді; • Өз ойын шығармадан үзінділер келтіре отырып дәлелдейді «Қарсы пікір» әдісі Өзіңіз кінәлі деп тапқан кейіпкерді ақтап алыңыз. Бағалау критерийлері: • Кейіпкерді ақтайды; • Кейіпкердің кінәсіздігін дәлелдейді Сергіту Мақал-мәтел «WhatsApp-та» Саралау тапсырмасы «Бес жолды өлең» стратегиясы.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Синквейн әдісі бойынша «қасқыр», «аңшы» сөздеріне бес жолды өлең жазып көрейік. 1.Қасқыр 2. Жыртқыш,қомағай. 3. Ұлиды, шабуылдайды,жортуылдайды 4. Қасқыр-түз тағысы, перзенті. 5. Бөрі,көкжал. 1. Аңшы 2. Қырағы,сақ 3. Атады,көздейді, аулайды, 4. Аңшы қансонарда аңға шығады. 5. Мерген. Үйге: кейіпкерге хат Үлгі: «Құрмашқа хат», «Аңшыларға хат», «Құрмаштың әжесіне хат» Қ.Б: Ұжымдық шапалақ</p>	
Рефлексия	<p>Кері байланыс Бір сөйлем әдісі «Бұдан шығатын түйін...» Дәптерге бұл әңгімеден не түйгендігін жазады. «Мен сөз сұраймын» оқушылардың ашық пікірлерін білу Оқушылар жауап береді. Шығармада көтерілген мәселені өлең жолдармен нақыл сөздермен, көркем сөзбен түйіндейді.</p>	